*/пмгжъгх грчщли*

# */іъмъбъые — /ірт&тмты*
# *Ж8'%6')7>8ЫI) 9/4Р9/4Р/ІЛЫ*

*'Шеуссре, тафихи эh иссеиер.,*
*естеиостер.*

**Алматы — 2003**

**Я**

А«¦¤·∨ ๑

ББК 63.3 (5 Каз)
А 90

А 90 **Атаконыс— Арқ адагы — Шежірелі Қ арқ аралы.** Алматы: РПБК «Дәуір», 2003. — 224 бет.

9965-465-38-X

Кітапка көнскөз кария Ахметбек Ә рінұ лының іргетасының қаланғанына 180 жыл толып отырғаң Каркаралы аудаиы туралы көң іліне түйген әң гімелер естеліктері топтастырылган.

Тарих койнауынантолғ айсыртартып, елдігіміз бен ерлігімізді өн-бойына қар еткен тагылымы мол бул кітап калың көпшілікке арналғ ан.

0503020605
А 00(05) -03

I5B^ 9965-465-38-X © «Дәуір», 2003

## Қ А Р Қ А Р А Л Ы

*Атың нан айналайын, Қ арқ аралы,*
*Сенен булт менен ң айгы тарң амады.*
*Саяцнан сайгақ к,урлы пана таппай,*
*Мен бір жан қ угын кө рген Арк,адагы.*

*Мәди Бапиулы.*

*Кө п таудьщ арасьшда Арң адагы,*
*Атақ ты бір сү луы — Карқ аралы.*
*Кө ркем кескін, кербез тау адам тугілі,*
*Булытты аспандагы тарта алады.*

*Сәбит Муқ анов.*



### *ҚАРҚАРАЛЫ БАСЫНДА ЖАЛҒЫЗ АРША...*

***Қарқаралы басында жалгыз аріиа,***
***Хатк,а жуйрік сол к;алк;а мусылматиа.***
***Кішкентайдан бірге өскен сәулем едің,***
***Ғумырың аз ба, көп пе, әлде қанша?***

***Көл жагалай бітеді көкше құрақ,***
***Ән салмагың қайда еді, Ләйлім шырақ?***
***Қозыбайдың уйінде мәжіліс боп,***
***Ән екен Біржан салган жайма шуақ.***

*(Біржан сая Кожагулулы, 1834—1897)*

*Лвт ордан:*

**_Оқырман. қауымі_**

V
a

**_Ата мекенім – Қарқаралының ірге тасы қаланғанының 180 жылдық мерейтойына және өзімнің 90 жасқа толган өміріме орай осы кітапты жарыққа шыгарып отырмын._**

**_Мен жазушы немесе журналист емеспін._**

**_Өзіме белгілі көзім көрген, көңілге туйген, уй дәптерлеріме жазып алгандарымды, сол сияқты муражайлардан алган біраз деректерден, кәрі қулақ қариялардың суңгыла, зеректерінен естіп, біліп жинастырганымды осы кітапқа тусіріп отырмын._**

Щ/

Г&\

**_Артық кемі болуы тиіс, оган қамқорлық кешіріммен қарауды өтінемін._**

*Әрінулы Ахметбек.*

Ж
(о
лА

**_Қарқаралыдагы аңызга айналган Алтай мен Сулушаш паналаган, Ғашъщтардың Ғибадат Пердесі._**

**_Шайтан көл Бугылының қыр басында,_**
**_Саладай қарагайдың арасында._**
**_Сол қарагай ішінде іші пысып,_**
**_Зар болып көзге ілінер К,арасынга._**
**_Жан-жагына жаутаңдай урейленіп._**
**_Екі биік қабақтың арасында,_**
**_Сулушаш узақ терең ойга кетіп,_**
**_Турды бір биік көлдің жагасында._**

уу
А і

*Сәбит Мүқанов.*

ГА

І ч я
VI

1

2̲?c)<£$©<3?£ c^ ^

## ШЕҢ ГЕЛДЕНГЕН ШЕРЛІ ТАҒДЫР

1824 жылы Қаркаралы Көкшетау дуандарының орнауына ка[...] өздігінен бас көтерген халык бұкарасын Қасымның үлкен ұлы Сар[...] жан сұлтан басқарған. Оның каркаралы дуанына шабуылы па[...] әкімшілігінің үрейін ұшырғандыктан Омбыдан дереу карулы ж[...] шығарып, Саржан колы Қаркаралыдан шегінуге мәжбүр болды. Халык наразылығымен толкуларды есепке алған Омбы шенеуніктері дуа[...] сайлауы өтердің алдында мұздай каруланған солдаты мен от кару[...] қазіргі Қарқаралы қаласының орнына тіреп қойды.

Дуан сайлауына 21 болыстан, Баянауылдан Шоң бастаған Унал елінің калың нөпір адамы жиналғанымен халык еніш[...] тынумен болды. Үгіттегенде қайтеді, шиті мылтык пен найзадан баска ол кезде ешкандай кару жоғы белгілі. Халық құлағын ұсак көрсетіп зең біректен окатып, тау-тас жаңғырығып, дүние азан-казан болды. Зең бірек даусын естімеген казактардың зәре-құты калмай, шегініп, сай-салаға тығылды, зең бірек даусы басылған соң жан-жактан алаңға кайта жиналған. Сонымен 8-ші сәуір күні аға сұлтан және оның екі орынбасары сайланды. Осы уақыттан бастап казак орыс заңына бағына бастаған еді. Ақырында 1868 жылы жаңа заң шык-кан соң казак біржола орыс заңына бағынышты болды.

Патша үкіметі халық пікірімен санаскан жок.

Өктемдік басқыншылық жоспарларын күннен-күнге іске асыра берді. 1862 жылы Аға сұлтандық ты жою туралы шығарған жарлықнама кылышынан кан тамған нағыз әкімшілікке көшті. Уезд штат белгіленген кезде оны басқаратын адамдар тек орыс чинов-никтерінен тағайындалып отырды.

Уезді баскаратын Червьев Ульяновский (уездік комиссар) Генерал Сухотин, Тысяцкий (шонжар, патша армиясының офицері) Оссовский сияктылар уезде бет каратпайтын қатаң ық па[...] жүргізіп отырды.

Бұлар елге келген ауыртпалык пен дүрбелендерді күшейте басып отырды. Дүрбелеңнің басы 1916 жылдан басталды. Қазақтан солдатка кісі алмаймыз деп уағдаласкан патша мындаған казақты майдан шебіне кара жұмысқа күштеп жіберді. Сол сияқты 1917 жылғы Қазан төңкерісінен де қазактар сырт қалған жок. Өкімет орнағанша толкулар легінде талай адамдар кетті. Кеңес үкіметі орнап 1920 жылдан бастап Қазак Автономиясы құрылғанмен өктем орыс ұлты үшін қазакка тән үят-аят, кісілік, намыс деген ұғымдар болмады. Кейін бөтен салт-санаға душар болып осындай күйге түскен халықтың ішінде әкесін атып, шешесін аттап жүре беретін жат қылық белең алды.

Мұндай ортада өмір сүрген ұлттың санасы «жабыны түлп[ар], жапалақты сұңкар» деген бөгде көзкарас калыптасты. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін болашақтың мүрагері болып заң[...] жүзеге асырмақ надандар малшы-жалшыларды еліктіріп, оларды қызмет аткарып, күнкөрісіне демеу болып жүрген шаруаларға карсы койды, желікпе, максатсыз билік құрды.

Алдымен дінге сенімсіздік туғызып, діни адамдарды кудалады. Мешіт бос, иесіз қалды. Діни кітаптар арбалап тасылып, шұнкырларға көмілді. Онымен коймай барлық ауылдык жерлерде құдайсыздардың бастауыш ұйымын құрып, шағын арнаулы кітапша-билет берді. Мүше болғандарға 10—15 тиынның маркісін жапсырып, үнемі ұйымға мүшелікке тартып, насихатшылар жүрді. Казақстан Орталық комитетінің 1928 жылы қаңтардың 17-дегі және сол жылғы 18 ырдамы қаулысымен облыстар таратылып, Қарқаралы округі болды жөне осы уакыттан бастап ауданды баскару, аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің және (аудандык кеңестің) құзырына көшті. Сөйтіп күштеп коллективтендіруге бет бұрды.

Бұл біздің тарихымыздағы, қасірет пен кайғыға сақынтыр 1929—1933 жылдар арасындағы асыра сілтеу саясаты кезінде орын алды.

Бұл большевиктік отарлау саясатының ыкпалын үстем ету үшін колдан әдейі жасалған жұмыс екені баршаға мәлім.

Үрерге иті де жок шаруаларға қыр көрсетіп, бір уыздайбы болсатартып алып, алаш баласының жартыдан астамы ашаршылык азабын тартып, көз жұмды.

1928 жылдан бастап ірі байлар мен орта шаруаларды малмүлкін тәркілеп, жер аударды.

«Байларды, молданы қамшымен койдай қу»деген үран арды және бұларды жат әлеумет ретінде жойды. Кеңес үкімет катал тәртіп орнатып, ел қамын жеген алаш азаматтарын жаппай қамауға алып, аяусыз азаптап, бүкіл халық тынын жанын түрпікті отырса да, әділетсіз коғамға карсылық еш уақытта тоқтагі қажок. Соның бір дәлелі — Қарқаралыдағы даңқты халық көтерілісі. Бұл әділетті шеруді үкіметке қарсы іс деп бағалап: өз азаматтарына қарсы оқ ату үшін қолына мылтық беріп, партия, комсомол белсенділерін ондап жіберді. »

г~

. Іпті мұнымен де тынған жоқ. Көтеріліске дем берушілер есебінде ел арасында абройы бар азаматтарды әр ауданнан топтап әкеп, тұтқындады да көздерін жойды. Іздеушілерге тек атылды деген ауызша жауап қайтарылды.

1931 жылы қаңтарайының аяғында 15 адамды айдап Үлкенкөл бет алып бара жатқанын көріп қалған адамдардың көзінше мұздан ойық ойғызып, мойындарына ілінген арканға тас байлап, көлге тоғытқан.

Олардың ішінде:

Тоқсантайдың Қапасы — Шет ауданынан,

Сармантайдың Ахметжаны — Ақтоғай ауданынан, (Асқан домбырашы, майталман күйші болған).

Бижанның Сүлеймені — Ақтоғай ауданынан,

Адамбаев Әбілхан — Шет ауданынан,

Спанов Әбдірахман — Қаркаралы ауданынан.

Бұған дәлел, жазғытүрым Үлкенкөлде сеңнің бұзылғы, қатт дауыл түрып, көл жағасына шығып қалған өліктің Тоқсантайдың Қапасы екенін жете танитын Әлімбайдың Құсайынның арал

жүріп кездестірген. Шамасы мәйіт байланған тас арканнан сусып кеткен. Бұлар білікті адамдар болған. Қалғандарының аты-жөні беймәлім, бірак 15 адам сол бір түнде ізім-қайым жоқ болған.

1931 жылдың қыркүйек айында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Елтай Ерназаров Ақтоғай ауданында жиналыс өткізді. Ол кезде елдің көбі ашаршылыкка ұшырай бастаған. Аудан орталығындағы аланда ол сөзін былай бастады: «Мен Голощекин жолдастың тапсырмасымен келіп отырмын. Сіздің аудан ет жоспары орындалмай жатыр. Сендер мал жок дейсіндер. Ел аралап келе жатканымда көп шілік киіз үйдің белдеуінде бұзау жатыр, мал жок болса ол қалай жатады?

Ауыл белсенділері, саботаждыкка салынып отырсындар. Әлі де орта шаруалар мен тұрғындардың көбі малын тығып отыр. Егер жоспар орындалмаса, бай-құлактардың туыстарына көмектесуші ретінде біраздарынды орындарыңнан алып, жауапка тартуға тура келеді»,—деп, сөзін қоқан-локымен аяқтады. Сол жиналысқа тірі куә — мен катыстым. 1932 жылы қараша айында Голощекин Семейге барып, облысаралык жиналыс өткізген.

Ол кезде Шығыс Қазақстан, Павлодар, Семей — үш облыс бір болатын. Жиында ол мінбеге шығып, өктем дауыспен: «Отанға нан керек, ет керек, осында отырған облыс басшылары, сондык шараларға немқұрайды карап отырсындар, егер жыл аяғына дейін жоспар орындалмаса, шара колданатындығымды катаң ескертемін!» —деген.

Ол кезде халықтың көбі аштан кара шыбындай қырылып жатты.

Бұл жағдайды ескерткенмен Голощекин оған құлак салып тындамады (сол кездегі аудан басшыларының сөзінен).

Біздің тарихымызда орын алған асыра сілтеу кезеңіндегі қасірет пен қайғыға толы окиғалар мұнымен аяқталған жоқ.

Ұлтымыздың бетке шығар қаймағын қалқып, 1937 жылғы халық жауы деген жаласы жазықсыз құрбандыкка душар болды, ауданымыз ондаған абзал азамат ардагер басшыларымыздан айрылдық.

Енді есімізді жиямыз ба деп үміттене бергенде 1941 жылы екінші дүние жүзілік соғыс басталды. Ата-аналарымыз, туған-туыстарымызды зор касіретке, көкірегінің жарасы жазылмайтын, көзінің жасы құрғамайтын дертке ұшыратты.

1943 жылдан бастап халқымыздың калың бұқарасы орналасқан Семей өңірін бүкіл адамзатты қырып жоюға арналған атом бомбасының сынак орнына айналдырды.

Бұл халыктан жасырын ұйымдастырылған шара болды, мұның әсері Қаркаралы халкына тимей қойған жоқ. Полигон аймағындағы халык «үй коянындай» сынақ дәуірін 1991 жылға дейін басынан өткерді. Оның зардаптары әзір жойылар емес. Қанша ұрпағымызға жетерін бір Алла біледі. Ауылдық жерде жұмыс істеген колхозшылар 1933 жылдан 1961 жылға дейін өте ауыр еңбектің азабын тартты. Еңбеккүн акшаға шағылғаннан кейін халык жағдайы жеңілдей бастады. Турасын айтқанда 1970—1990 жылдар аралығы халык тұрмысы үшін жұлдызды жылдар болды.

# ДУАНДА ӨТКІЗІЛГЕН АҒА СҰЛТАН САЙЛАУЫ

Республикамыздың бір көрікті де байтақ бөлегі — Қарқаралы. Онын өзіндік бай тарихы мен тамаша дәстүрлері бар. Солардан бүгінгі жас ұрпактар білсін деген ниетпен колдағы бар деректер-мен мұражай құжаттарына сүйене отырып Қарқаралы қаланың болғанының 180 жылдығына байланысты арнайы әңгіме етуді қажет деп санаймын. Архивтік деректерге сүйенсек, қазіргі каламыз тұрған жерге 1793 жылдан қоныстанушылар келе бастаған. Ленинградтың тарихи мұражайында 1829 жылы баспадан шыккан «Россия империясының толық жинағы» сақтаулы. Осы жақтағы 1824 жылы 24-ші шілде күні Сенаттың 29997-ші каулысы бойынша Жоғары мәртебелі пагшаның 1822 жылғы 22 шілдедегі бекітуімен Сібірдегі Кадьвани, Барнауыл, Черьмаға қала статусы беріліп, қазақ даласында тұңғыш рет сыртқы Қарқаралы округі құрылды. Сөйтіп, қазак даласын отарлауды күшейте түсуді көздеген бұл занды жергілікті халык «Жаңа мизам» деп атады.

Округ қазақ арасында дуан деп аталды. Сөйтіп, округ билігі аға сұлтанның қолына берілді. Осы шараны 1824 жылғы 8-ші сәуірден жүзеге асыру белгіленді. Бұл жағдай халық ішінде дүрбелең, күдікті қобалжу туғызды. Патша үкіметі де мұндай наразы болатынын көрген болу керек. Жақын маңға мұздай қаруланған 250 казачий отряд пен от қару-зең берегін текке тірек қойған жоқ еді. «Бұған карсы тұрар казакта кандай күш бар, бірлі-жарым шиті мылтык пен сойыл-шокпармен не бітіресіндер?» деген ақылмен ел басшылары іштен тынып, енді бұл саясатты колпаштауға көшеді.

Алдын-ала жүргізілген санақ статистикалық есеп бойынша аға сұлтан құзырына төмендегі болыстар: оның ауылдары, үй саны нақты құжатпен бекітіліп берілді. Вставка төмендегідей. ЦГИААФ. Гос. архив Ф. 1962 ОП Д247, ЛЛ 114—1112. Мұнымен коса патша тарапынан арнаулы құжат болмағанымен, Омбы облысынас-б қарушы кызметін атқарушы полковник Ероновский Қарқаралы округіне қарату мақсатында Баянауыл жақтағы, Төлеу руынын атына көшірілген елді де осы жиынға коса шакырған. Олар: Айдабол — 1670 үй, Қаржас — 1720 үй, Малай-жәдігер — 175 үй, Орманшы — 1175 үй, Күлік — 1570 үй, Қозған — 1950 үй, Қайсал — 290 үй, Акбура — 260 үй, Қаблан — 10 үй, Қалкаман — 120 үй, Тұлпар — 220 үй, барлығы — 9220 үй. Шоң, шорманның, а алақанында, жұмса жұдырығында болғандыктан, бұлар ақтарып Шоң, Шорман, Ыбырай, Есенайлар да ел басы есебінде үлкен жиынға келіп, үйлерін Тасбұлақтың ағысынан төмен тіккен болатын. Сонымен дуанның ұлы дүбірі қара-нөпір халық т қатысуымен 1824 жылы 8-ші сәуір күні ертемен басталды. Енді осы жағдайға біраз сипаттама берсек. Сол күні Қарқаралы адамдары ерте оянды.

Көктем сызы әлі кете қоймаған, аспан ашык. Бұғылының басына шыккан адам бір шеті сонау етекке дейін, екінші шеті Үлкен көлді айнала тігілген өңшең ақ үйлерді көрер еді. Күн шы

Каркаралы койнауы козғалыска түсті. Ол кезде тау етегінде де жалғыз ағаш үй мен әскери адамдар тұратын шатырлар ғана бар еді. Дуан ашылғаны туралы хабарды естіген соң аттылы-жаяулы адамдар жалғыз үйге қарай ағылған. Жалғыз үйдің екі жағына шатырлар тігіліп, шатыр легінің ортасында шөбін қырып тастаған оқтай түзу жол салынған. Халык сол жолға тіреліп кеп тоқтады. Ағаш үйдің екі басқышына қызылды-жасылды, түрлі-түрлі кілемдер төселген. Жергілікті жауынгерлердің кол басшысы командирі Карбышев қазақша:

— Төрелер, кілем үстіне жайғассын, — деді. Окшау тұрған топ қызылды-жасылды шапандары шұбатылып, көрсетілген жерге дөңгелене отырысты. 350 казак солдаты мылтықтарын түзу ұстап, карауылға тұрды.

Дуан үйі есігінен полковник Ероновский шыққанда тірек қойылған жалғыз зеңбірек кенеттен гүрс ете түсті. Салтанатты залп белгісі еді. Тау-тас жаңғырығып кетті, табиғат, адам да катты дүмпуден шошып калды, қазақтардың катары лап етіп, тырым-тырақ айқаша жөнелді. Зеңбірек екінші рет атылды. Қашып бара жаткан адамдар анадай жерге барып артына қайрылғанда баспалдак үстінде полковник өзін қоршаған чиновниктермен бірге каннен қаперсіз тұрғанын көрді. Жіпке тізілгендей қатар тұрған жасауылдар да орнынан козғалмапты. Соны байқаған халық кайтадан дуан үйіне бет алды.

Бәрі жиналып болғанда зеңбірек үшінші рет гүрс етті.

Жиегі таспен көмкерілген жолдың бас жағынан Кернейсырнайдың үні естілді. Жүрт жалт караса, он шакты солдат аяктарын сарт-сұрт басып келе жатыр екен. Алдыңғы солдаттың қолында көтерген ала ту, бұлар төмпешікке тірелді де беттерін халыкқа бұрып тұрды. Қолында қағазы бар, орысша киінген бір қазак алға шығып еді, Топан деген азамат екен, қағазды көтере түсіп, дауыстап оки бастады.

1819 жылы Бөкей хан, 1820 жылы Уәлихан қайтыс болды. Бірақ казак халкы басшысыз калдык деген жок. Енді жаңа ереже бойынша Орта жүзде ел басқару тәртібі кіргізілді. 50—70 үйден бір ауыл, әрбір 10—12 ауылдан бір болыс, әр 15—20 болыстан бір-бір дуан кұрылады. Ауыл түрғындары өздері бас косып жиынға старшын сайлап алады. Әр болыска төреден сұлтан тағайындалады. Төрелер өз ішінен үш жылға аға сұлтан, билер мен старшындар, екі жылға қазы сайлайды. Сонымен дуанды мынадай кызметтер аркылы баскару көзделген: Аға сұлтан — біреу, оның кандидаты — біреу, қазылардың екеуі — орыс, екеуі — казақ болады. Ерекше іс жөніндегі офицер — біреу, іс-жүргізуші — екеу, тілмаш — үшеу, елшілер — екеу. Әр болыс сұлтандарының іс-кағазын жүргізетін бір орыс, бір казақ, не татар болады. Топан ережені түсіндіріп болғаннан кейін, дуан, болыс, ауыл басшыларын сайлау басталады да аға сұлтандыкка Бөкейханның немересі Тұрсын Шыңғысұлын (Жамантай), заседателдігіне Үлдебай Өртауов пен Шеркеш Жаманбай Нұралин сайланады. Сайлау түске дейін аяқталды. Шәріп молла биіктеу жерге көтеріліп, аят окуға кіріскенде қазақ

жағы отыра бастады. Бұл аяттың максаты — жаңа ғана сайланған аға сұлтан, болыс, старшындарды патша ағзамға адал қызметке шакыру, дінге сенім білдіруге жұмылдыру еді. Осыдан кейін кернейдің ащы даусы қайта көтерілді, барабан кағылды. Бұл екі орталықта төреден аға сұлтан сайланған соң, төрт рулы келген Шоң, Шормандар топ арасынан сытылып, ант алуға қашып кетіп қалды. Бізді төре сайланған жерден бұдан былай көшірмейсіздер деген оймен, сол күні үдере көшіп, еліне кайтты, бұған көңіл аударған ешкім болған жоқ. Енді халыктан Патшаға, Аққа, Орыстың әскери күшіне, Батыс Сібір Губернаторына, дуан бастығына құлдык ұрудан жазым жібермеу жөнінде ант алды. Антты Шойұлы деген азамат окып бергенде былайғы жұрт қайталап тұрды. Ант алу аякталысымен орыс жағы патша ағзам төбесінің арта беруіне гимнді әндете жөнелді. Тауда жаңғырған зеңбірек гүрсілі басылар-басылмастан, сапта тұрған жауынгерлер қатары-нан бірнеше рет ұрандап, зенбірек гүрсілі тауды кайта жаң-ғырықтырып жіберді. Қазактар төрелер үлгісімен арқанды қайта-қайта көтеріп «бәрекелдіге» басып тұрды. Ұлдат сол дуан үйі мандайшасына екі басты самұрық құстың бейнесі қасынды. Осы гербтен төменгі тақтайшаға орыс және араб әрпімен қазақша «Қаркаралы дуаны» деген екі сөз жазылғып, дуан үйінің төргі бөлмесінің көрікті жеріне патшаның бейнесі ілінді.

Қаркаралы сырткы округінің ашылғаны жайлы акт жасалды, жаза білетіндер қолдарын койып, жаза білмейтіндер мөрін басты. Мөрі жоқтар ру таңбасын салды.

Дуанның ашылуына байланысты ат жарысы басталып, Қарқа-ралы өңірін ән-күй кернеді, орыстар әлемішті оқылды. Жаңадан құрылған дуан халқы 5 жылға дейін салық төлеуден азат еді. Салық салу 8 жылдан кейін басталды, оның мөлшері мынадай болып белгіленді: 200 жылкыдан бір бас, 150 қарадан бір бас, 5 кой бір ірі караға есеп. Бұл малдан салык төлеудің мөлшері ақшаға шағылған бір жылқыға 35 сом, ірі қараға 20 сом, қой 1 сом. Осындай салык мөлшерімен есептегенде Қарқаралы дуанынан бір жылда 369 мың 832 сом салык жиналған. Бірак көп ұзамай Броновскийдің көзі көп жәйттарға жете бастады. Шоң төремен сиыспайтынын біліп, Баянауылда жеке дуан ашты. Шоң Едіге ағаға сұлтандыққа, Шорман кандидаттығына бекіді. Қарқаралы дуанына соғыс округі есебінде әскери-адамдар ұстады. Әскери адамдардың біразы қазіргі орманшылар отырған жерге орналастырылды. Біразы құрылыс салуға дуан үйінің манында қалып қазіргі үй — жатакхананы салды.

Жергілікті тұрғын халык орманнан тыс жерді пайдаланғанмен, орман шаруашылығын Омбы, онан кейін Семей губерниясы бақылауға алды.

Дуан орналасатын жер маңында бұрын 5 ата Әлтөбет руы болған, олардың көпшілігі орманға тақау Үлкен Көкқора, Шымқора, Жауыртоғаны маңайында болған. Дуан құрылуы байланысты бұл жерлер болашақ коныс болмайды-ау деген қауіппен ел басшылары Байбатырұлы Балғазы батыр, Өтеуұлы

Байгелділерді 1823 жылы Сенатка дейін барып әрекет жасауға, болашак дуан басшылыкка Жамантайды итермелеген. Ел дауы, жер дауы, билікке талас дегендер болмай тұрмаған. Сондыктан да Балағазы болашак дуан баскару кандидатурасын Жамантай мен Әлтөбет руын Саркүлжа деген шұрайлы жерге коныстауға келіскен болатын. Бұл аралыкта Алтай руларымен жердауы төбелесінде Балағазы опат болып, Әлтөбет рулары Ормаңынан кысым көре бастағаннан соң, айтылған келісім бойынша Саркұлжаға түгелдей коныс аударған. Орманшылар өңіріне орналасқан әскери адамдар «малдары орманды бүлдірді» деп бірнеше рет жергілікті орман маңындағы халыкка айтып, пұл тарткызған. Малдарын бірнеше рет шарбакка камап, ұзақ тәуліктер бойы босатпай, зорлык жасаған.

Ақын Күдеріқожа Көшекұлы 1840 жылы Суыкбұлақта коныстанып отырған жерінен де тыксырылып, акыры шыдамай көшіп кетуге мәжбүр болғанда шығарған мына өлеңі елге таралды:

*Қарқаралы қайран тау,*
*Тиюші еді пайдаң тау,*
*Наурыз-науша берген тау,*
*Басыңнан малым кетпеген.*
*Үстінен боран өтпеген.*
*Мың бас біткен құтты тау.*
*Өмір бойы іздесем,*
*Табылмас сендей сутті тау.*
*Агашың әйбат көрінген,*
*Жемісің жерге төгілген,*
*Жарық тыгым қайран тау.*
*Кетейін деп кетпедім.*
*Төңірегім толган жау,—*

деп коштасып, оңтүстік өңірге қоныс аударып кетті. Орман шаруашылығына жергілікті дуан басшыларының иелігі болған-мен рұксатпен ағашын пайдаланып тұрған. Мысалы, Кұнанбай мырза аға сұлтандыкты қолына алған кезде Каркаралыда мешіт салу ісіне қатысты. Сібір казақтарының шекара баскармасы-нан 1850 жылы ағаш кесуге рұксат сұраған арызы қанағаттандырылған. Сонымен төрелер 1824 жылдан 21 қазан 1868 жылға дейін кезектесіп аға сұлтандықты баскарған патша үкіметі аға сұлтандыкты жойып, уездік губернаторлық штат құруды көздеді. Бұл губернаторлықтан кейін калай әсер еткені өз алдына жеке әңгіме.

Казақ халқы орыстар отарлаған сон амалдары құрып, түрлі әрекеттер жасағанмен, орыс патшасы қазактардың билікті көбінесе төрелерге беріп, олар халыкты басынып, заңсыз әлімжеттікті көп жасады. Оның үстіне елді бөлшектеп, бір-біріне айдап салып, бірінің малын еншілесе, екіншісіне барымталатты. Шұрайлы коныстарды әр түрлі сылтаумен тартып алды. Оған қарсы шыккан

адамдарға жала жауып, жер аудару, айыптау тәсілдерін күшейте берді.

Мұндай әділетсіздікке шыдай алмай ашынған халықтың төменгі буындары, кейбір құдайға қараған болыс билері мен старшындары үкіметке арыз шағымдарды кардай боратты. Ағасұлтан, билік басында отырған Құспек пен Жамантай, Түлік пен Бірали Шалғынбайлар: өздеріне жактас адамдарды косып алып, шағымда, арызда көрсетілген дәлелдерді жокка шығаруға тырысып бакты. Төрелер осындай саясат аркылы бірінің лауазымын бірі тартып алуды үлкен іскерлік мәртебе санады. Тобыкты ішіндегі ең күшті ру — Кішік. Осыдан Әйтек, одан Олжай, одан Айдос, одан Ырғызбай, бұдан Өскенбай, одан Құнанбай тарайды. Бұл руларды бұрын Абылай хан тұқымы — төрелер билеп келгені мәлім. Құнанбай ағасұлтан болғанға дейін, онан кейін тобыкты екіге бөлініп, араздык ұлғая берді. Мұны коздырушы-сол елдегі төре тұкымы Шалғымбай Бірәдин. Ол жігітек деген руды бөліп алып, аптал азаматы Бөжей мен Базаралы дегенді өзіне каратып алған. Құнанбай тобыктының бас кісісі болған кезде, төңіректің маранын жігі ашылып калған кез еді. Сонымен патша үкіметі бұрынғы хан мен төрені ұстау керек болса, ел арасында айтыс-тартыс ұлғая бастаған соң, енді калың елді ұстау үшін ру басшыларын ұстау керек деген саясатка ауған кез болды. Құнанбай үстінен ондаған жолы тергеу жүріп 23 том іс кағаздары жиналса да Батыс Сібір әскери губернаторы міндетін аткарған князь Горняков өз колымен 1849 жылы 18-ші карашада Құнанбайды ағасұлтандыкка бекітті. Құнанбай ісінің жағдайын Батыс Сібір тарихындағы білікті орыс чиновниктері біліп отырды. Тіпті олар Құнанбайға іш тартып жұмыстың аяқсыз қалуына дейін мүдделі болған сияқты. Мұны көре алмаған ел пысыктарының біреуі сол кезде Құнанбай мен ұлдарының арасына біраз ұстап жоғарыдағы қамқорлыққа байланысты келгенде былай деп кекетушілер де болған:

*Бөжей менен Құнанбай,*
*Жүйріктігің құландай.*
*Агашың мен үстасып,*
*Алтай жаттың дуандай,—*

дегенде Құнанбай бұған:

*Аса шешен мылжың-ды,*
*Дүние шіркін бір күн-ді.*
*Ақ сұңқардың қанаты тасқа согылса,*
*Жапалақ, қарга сүйсінді,—*

деп жауап қайтарыпты.

Құнанбайдың беделі артқандығы сонша — Құнанбай ағасұлтандыктан босағаннан кейін Ояздың көмекшісі болып қызмет аткарғаны белгілі. Құнанбай ірі тұлға болмаса Шан Жарлы, лғап

ұрпағы Балта ақын Өскенбай асында мынадай мактау тарайма еді:

*Ежелгі Румның қақпасындай,*
*Айтқан сөзі кілемнің тақтасындай.*
*Кеиіегі өтіп кеткен би Өсекем,*
*Артына алтын қалдырды ат басындай.*
*Үш жүздің басын қосып ас бердің,*
*Келтірумен сәйкесін.*
*Алшысы мен асықтың тәйкесін.*
*Үш жүз жоқ тап отырганда.*
*Енді Өсекемді іздеп қайтесің,—*

деген екен.

Сұлтандық дәуірде ел басқарған аға сұлтандар:

1. Тұрсын Шыңғыс ұлы (Жамантай) — 8-ші сәуір 1824 жылдан 9-шы ақпан 1845 жылға дейін.

2. Құспек Тәукин — (9-шы акпан) 1845 жылдан, 1849 жылға дейін. (1846 жылы майор атағымен марапатталды.)

3. Құнанбай Өскенбайұлы — 22-ші желтоксан 1849 жылдан 1852 жылға дейін 31-ші желтоксан.

4. Түлік Шыңғыс ұлы — 1852 жылдан 1861 жылға дейін.

5. Тұрсын Шыңғыс ұлы — 1861 жылдан 1862 жылға дейін бір жылға қайта сайланды.

6. Шалғынбай Біралин 1862 жылдан 1868 жылға дейін.

Құнанбай Өскембайұлы тізгінін ұстаған уақыттан бері тыс-лерге сұлтандықты кезектесіп баскарған 44 жыл ішінде (1824—1868 жж.) халыққа кандай тәсіл, айла-шарғы қолданып басқарды? Олардың ел арасындағы беделі қандай болды? Халык бірлігін сактай алды ма? Жоқ, бір-біріне айдап салып, бөліп-жарып пара алып, бөлшектеп ұстау тәсілін колданды ма? Осы жөнінде жеке мұражайында сақталған, жазбаларында сакталған Әлима Жұмажанның «Төрелер мен Қаралар» деген естеліктерін және басқадай косымша дәлелдерді келтіру жөн сияқты.

## ҚАРҚАРАЛЫ ОКРУГТІК ПРИКАЗЫНЫҢ АШЫЛУЫ.

Қарқаралы округі мен приказының ашылуы туралы жарлық 24-ші шілде 1824 жыл.

Үкімет сенаты Батыс Сібір Генерал-губернаторы мен Омбы облыстык бастығының міндетін аткарушының екі Рапортын тыңдады. 1822 жылғы 22-ші шілдедегі Сібір губерниясының басқармасы туралы жоғаргы дәрежелі мекеменің негізі Барнауыл городничиінен басқа чиновниктердің тиісті штаты бойынша анық талған. Онда дала чиновнигі азаматтардың жетіспеушілігінен Қарқаралы депаталатын Қырғыздаласының бірінші сыртқы округ пен приказ секілді Колывань, Барнауыл және Чарым қалалары ашылды.

Былай деп бұйрылды: Бұл туралы деректі барлық губерниялық және облыстық басқармалар мен үкіметке, министрлер, әскери генерал-губернаторларға, генералдарға және әскери губернаторларға, азаматтарды басқарушыларға білу мүмкіндігі жасалған, бұл туралы жарлықтардан Батыс Сібір Генерал-губернаторы мен Омбы облыстык бастығының міндетін аткарушыны хабардар ету керек, ал қасиетті үкімет сенаты, барлык үкіметтік сенат департаменті мен баска жалпы жиналыстар деректері хабарланып отырылсын.

(ПСЗ. Т. XXIX, № 29997)

Омбы облыстық бастығы құрастырған округтік приказды қызмет ережесі.

Омбы облыстық бастығының міндетін атқарушы гвардия полковнигі Броневскийдің Қаркаралы округтік приказының 1824 жылғы 11-ші сәуірдегі № 425 жазбаларының тізімі:

1822 жылы 22-ші шілдедегі Сібір кырғыздары жөніндегі жоғарғы дәрежелі бекітілген жарлығының негізінде және Батыс Сібірдің мәртебелі Генерал-губернаторының маған берген нұсқауларына орай Омбы облысында осы жылдың сәуір айының 8-і күнінде Семиярск аймағынан 280 верст Кентпен Қарқаралы жерінде Қарқаралы сырткы округін салтанаіты түрде ашуға көзделсін, округ басқармасы бойынша казіргі уакытқа сәйкес және округтік приказдың іс-жаға дайын дұрыс жолға қоюды менің міндетім деп есегітеймін.

### Округ құрамы.

1. Қарқаралы округі марқұм Бөкейханның құзырындағы болыстардан құралады. Оның тізімі сұлтандарда және осы болыстарды баскарушылардың тізімінен тұрады.

2. Болыстар өздеріне колайлы уакыт пен козғау салатын себептер тумайынша оларды бөлмеуі кажет. Бұл туралы округтік гіриказ үндей алмады. Бүгінгі танда болыстарды бөлуді -бір жағдайда жеделдетуге болады, онда да оған қырғыздардың өздері ниет білдірсе ғана, бірак облыстық бастыктың рұқсатымен ғана оған әр уақытта мәртебелі жарғыдағы ережелер негізі округтің

одан әрі құрылуына мүмкіндік жасайтын пайдалы жағдайда жеңілдік беріледі

3. Болыстардың тізімін қырғыздардың өздерінің тексеру бойынша 20 мыңға дейін үй немесе 60 мыңға жуық адамдарды құрайды. Ондағы санақ болжаммен ғана белгіленген, бірақ содан кейін де ешқандай жария санаққа кіріспейді.

**Басқарма құрамы**

4. Үстіміздегі сәуір айының 8-де менің қатысуыммен округтік приказға аға сұлтан болып сұлтан Тұрсын Шыңғысов, Қ билерден заседательдер болып Өлдебай Ортауов және Жантай Нұралин сайланды, біріншісі — сұлтандардан, соңғысы билер мен старшындардан.

Олар молланың алдына патша императорына адал қызмет ететіндіктері жөнінде ант қабылдайды, ал сайлаған халық алдында адалдығына ант береді. Онан кейін округтік приказдың қатысуымен ашықтүрде аталған тізімде көрсетілген ережелері бойынша канцелярияның барлық мүшелері қызметіне тағайын-далады.

5. Болыстарды басқаратын сұлтандар округ ашылғанға дейін көрсетілген жарғыдағы хұқына сай халықтың келісімімен басқарулары тиіс. Осы сұлтандардың есімдері жоғарыда атап көрсетілген болыстар туралы тізімде белгіленеді, әйтсе де олардың ішінде кейбіреулері сайлауға белгіленген уақытта келмесе де, атап айтқанда сұлтандар майор Қазы Бөкеев, Шами Абылайханов және Ағадай және Құғадай Машақовтар, бірақ бұлардың ішінде біріншісі ұлы Құдаймендеден жазбаша түрде бас тартуы жөнінде хат жолдаса, ал басқалары жоғары мәртебелі жарлығы бойынша басқаруға кірісуге толық келісім бергендіктерін білдіреді, сондықтан сайлау кезіндегі және адал қызмет ететіндіктеріне ант бергендіктеріне байланысты олар сайланады деп есептелсін.

6. Қырғыздардың жалпы пайдасын құрметтей отырып, мен ауылдарда старшындарды сайлау мен басқармада тізім берілген бұйрықты ескере отырып, сол адамдарды қалдыру қажет деп есептеймін.

7. Сұлтандарға, болыс басқарушыларына хат жүргізуші болып мен бекіткен Омбы азиат училищесінің оқушылары Петровты, Михайловты және Федоровты өз ықыластарымен баратын сұлтандарға бөлу жөнінде бұйрық берілді, ол туралы менің бекітуіме мүмкіндік жасалсын.

**Полиция байқауы**

8. Ішкі қорғанысты 250 адамнан тұратын линия казактарының командасы құрайды. Округтік приказдың заседателі сотник Карбышев тәртіпке жауап береді, ол осы командаға басшылық жасады. Осы төмендегі дәрежелерге азық-түлік босату және

оларды алмастыруды әскери канцелериянын жазбаларындағы негізге сүйеніп жасайды.

9. Округтік приказ тыныштық пен тәртіпті сактауға, оның карамағындагы адамдардың тұрмыс-жағдайы үшін барлык әдістерге иелік ете алады. Сондыктан ішкі корғағыс приказдың тікелей басшылығында болады. Маңызды тәртіпсіздіктер немесе сақтану жағдайы туа калған жағдайда приказ каулы алып, қажет бола калған жағдайда аталған командадан болыстар бойынша және округтің шекарасына барлау жасайды.

10. Округтік приказ округте қашып тығылып жүргенін оларды аныктайды, жалпы тыныштыкты сактай отырып, оларды тұтқынға алады, жауап алады және қатаң кадағалау аркылы тамұңдағы ішкі істер бастығына айдап апарады.

11. Далада мал басының өлім-жітімге ұшырауының алдын женінде приказ линиядағы және тұтастай алғанда Батыс Сібірдегі бастыктар шығарған ерекше ережелердің тәсілдерін пайдаланады, бірақ барлық алдын алулардан пайда болмаса, онда округтік приказ сібірлік кырғыздартуралы жарғының 239, 240, 241 және 242 параграфтарында түсірілген тәсілдерді жиюға тез арада шаралар қабылдайды және облыстык басқармаға өлім-жітім неден, нендей себептерден пайда болғандығы және қандай шаралар қабылдағандығы туралы түсінік береді. Көрші жаткан ішкі округпен сыртқы округтік приказдардың бастықтарын хабардар етеді.

12. Егерде, құдай өзі сақтасын, кауіпті ауру немесе адамдардың язвасы болса, онда сол сәтте жоғары мәртебелі мекемелер туралы 238, 239, 240, 260 және 261 — статьяларда көрсетілгеналдын алу шараларын катаң түрде кабылдай отырып, барлык көрсетілген орындардын тез арада хабарлануына мүмкіндік жасау керек және облыстык баскармага аурудың емдік тәсілдерін көрсетіп беру кажет.

13. Приказ барымтаны токгату туралы баска да құралдарды текке қалдырмайды, бұл кырғыздар арасында ежелден келіп қалыптасқан жағдай, олардың дауларымен келіспеушіліктерінен зияіды әдет калыптаскандыктан өзара келістіріледі.

14. Шаруалык мекемелері туралы Батыс Сібір генерал-губернаторынын мәртебелі жарлығы бойынша К.азак командасында жер өндеу құралдарымен тұкымдык астыктың көп мөлшері бар. Егін шаруашылығын кырғыздардан кандай жер талап етпей-ак Қазактардың өздері жүргізу керек деген олардың өздері жерді өндеуге көмекке келісімдерін берсе, онда ерікті акы төлеу ретінде пайдалану керек.

Мәртебелі сотник Карбышев егін шаруашылығын меңгеруді және ол әскери канцелериядан алдын-ала жерді пайдалану, тұкым себу туралы ұсыныска ие, егін шаруашылығын казір шағын көлемде жүргізу керек, мағанаға сұлтан мен кырғыздарда баска игі жаксылары осылай деп мәлімдеді, егінді бірінші кезекте елу десятина жерге салу кажет, ал кырғыздар жазғы жайлауына кеткен кезде болашак егінге жерді көзден таса жерлерге салу керек, бірак бұл жағдайда да қырғыздардын өзі үйренгенше егін салу егін

шаруашылығына тиімді жерлерді көп алуды токтата тұру керек. Мәртебелі Карбышев дер уакытында казактардың егін шаруашылығы туралы мағ ан да әскери ісанцелерияға да хабарлап отырады.

21. Россия чиновниктері сөзсіз егін шаруашылығы мен көкөніс үшін огород салуды алғашкылардың бірі болып жүргізеді. Кырғыздар бұдан түсер пайданы көріп, осы шаруашылыққа ынталылыкпен кіріседі, бұл туралы мен кұп алған хабарды естіп жүремін. Табыска ие болғандардын алғашкылары туралы мағ ан хабардар етсін.

22. Приказ кысқы уақытта жер үйлерді, әсіресе, ауруханa және уакытша ат қораларын салуға бұйрық бере алады. Бұл құрылыстарды кырғыздарды тартпай-ақ, казактардың өздері жүргізеді.

**Сауда жөнінде**

23. Округтік приказ саудаға және округ аркылы жүретін керуенге және кайтар жолда қамқорлык жасайды, кажетті жол бастаушы хабардар етеді.

24. Октругтік приказ жанынан магазин мекемесі ашылғанша бұл округке нан ерікті саудагерлермен жеткізу керек, мұны округтік приказ катаң кадағалауға алады, Ресейлік саудагерлер тарапынан ешқандай алдаушылық болмасын, сауда кедей кырғыздарға кол жететін бағамен, ал нан тиісті денгейде сатылсын.

25. Округтік ұсак товарлар сатумен айналысатындардың кырғыздардың алдамауын кадағалау керек, ал мұны бұзғандарды жазбаша түрде жендеттермен Семей округтік бастығына жөнелтіп, облыстык баскармаға хабар беруі кажет.

26. Кырғыздар арасында тиынмен және мемлекеттік ассигнациямен сауда жасау ескертілсін.

27. Чиновниктер мен командаларга округте кызметте жүрген кырғыздар мен сауданы жеке де, баска біреулер аркылы да жасауға тыйым салынсын. Жеткілікті мөлшерде қаржы алатын чиновниктер үшін мынадай сауда өрескел емес және занға дайшы келмейді.

Бірғана жағдайда күнделікгі тірлік үшін кажет болған жағдайда ауыс сауда жасауға жол беріледі.

**Сот өндірісі туралы.**

28. Соңғы жылдардағы барымта және баска да шағымдар бойынша округ ашылғанға дейін приказ кырғыздардан шағым кабылдайды және жауап берушіні өтініш иесін қанағаттандыруға мәжбүр етеді, егер де ол мойындамайтын болса, ондаоны жауапка тартады, кінәліні катан жазадан кұткару үшін оны сендіреді, осы округтік басқармасы іске кіріскеннен кейін осындай кылмыс жасамайтындығын мойындатады.

(2й 9<2уіс Х«5)

29. Өткендегі және жаңа ашылғандағы варианттар бойынша жиналған сұлтандар мен билерге олардың ісі пайдасыз екендігі, оның шегі болмайтындығын түсіндірген, сондыктан ондай істерге қозғау салмай-ак, қырғыздарға олардың өздерінің барлык дау-дамайларын бір жола ұмытулары керек екендігі хабарланған, занмен коғамдык тірлікке карсы боларлык әрекеттерді барлык мүмкіндіктерімен осы істер бойынша татуластыруға кам жасалсын.

30. Округ ашылғаннан кейін және алғашкы екі жылда пайда болған барлық қылмыстық істер бойынша Сібірлік кырғыздары туралы жарғыдағы занда көрсетілген мәселелерді қатаң түрде колданбау керек, бұл істерді тиянактау кажет, бірак округтік приказдың каулысын дәл және мүлтіксіз орындау үшін шығарылған деп кабылданады: а) кырғыздар туралы № 26 параграф бойынша кылмыстык іске жататын еш қандай іс журналда және тергеусіз аяқталмайды; б) осындай кылмыс үшін жауапка бірінші тре тартылған кырғызға кайтарып алу және зан бойынша жауапка тарту белгіленсін, бірақ екінші рет жасалған кылмыс үшін осы қырғызға занда көрсетілген заң күшін әлсіретуге болмайды және кырғыздардың зан білмейтіндіктері ескерілуі керек.

31. Ауылдардағы және болыстардағы сот ісіне тартылған кырғыз билері өз билігін жүргізсін және олардың тергеулерін негізге алып, сот шешімінде ескерту керек. Бір ғана жағдайда, приказ егер де ол үкімге қанағаттанбаса және әділ емес, немесе кылмыстық іске байланысты билердің шешімі қате деп есептегенде ғана іске алады.

**Кезекті жазалар туралы.**

41. Басқарма туралы жарлык бойынша кырғыздардың кезекті жазаларын бір ішкі қатынасқа жинап, қазіргі кезде жаңа сәйкес приказдың осы жарлығы негізінде кырғыздар қанша-лықты жеңілдетуге болады: 1. Округтік приказдан болыстык сұлтандарға жіберілетін және кері жіберілетін кағаздар қысқа жол аркылы бір ауылға атпен кезекте-кезек жеткізілсін.

2. Сүлтандардан ауылдарға, олардан сұлтандарға жіберілетін посылкалар осындай жолмен жіберілсін.

3. Болыстарға кызмет бойынша жіберілетін чиновниктерме қызметшілерді бір ауылдан екінші ауылға жеткізу кырғыздарға жүктелсін.

Жолсапарда өте кажет жағдайда ғана жіберілсін.

42. Қатынастың басқа иімді жолы байкалмағандықтан, облыстык баскармаға және округтің басқа ішкі округтерге қағаздар келесі тәртіп бойынша екі аптада жіберілсін: 1) Қазак командаларынан кезекпен Урядник, 2) Селярск Форпостысына дейін жоғарыда атап өтілген салынған және өлшенген тракт бойынша; 3) Аркалық елді мекенінен 132 верст қашыктыкта тракт бойынша аттарды алмастыру үшін бекет белгіленсін.

4) Семиярскидегі почтамен жөнелтуге арналған барлык кағаз-дар қазак бастығына жеткізілсін.

5) Маңыздылығы және тез шешілуі тиіс іс пен окиғалар казактар аркылы айрыкша бакылау жасаумен жіберілсін

Омбы тракты бойынша жіберу үшін таможня бастығына менің колыммен көрсетілген барлык кағаздар ерекше картамен жіберілсін.

Осыған сәйкес ол округтік приказдың ерекше міндеті деп есептелсін.

а) Каркаралы округі шектеулерден арылғанша округтік приказ осы округке енетін кырғыздар өздерінің көшіп-қонуымен сапырылыспасын, әйтпесе барлык тәртіпсіздіктер олардың өздері үшін зиян.

6) Округ ашылғаннан және алғашкы құрылуынан бастап приказ оның кол астындағы халыкты басқара алады, ол басқа қоғам бағынатын баскармаменен тұра алмайды. Заң мен корғалатын ең әділ және кездейсок жаза кырғыздарды коркытуы мүмкін және оларды үкімет бірнеше жылдар катарынан жакындастырған сәулетті тұрмыстан көп алшактатып жіберуі мүмкін. Сондыктан приказ барлык шын ниетімен осы құрылымның пайдасы туралы кырғыздарды сендіріп, олардың арасында болып жатқан тәртіпсіздіктерді шын және достык көңілмен ретке келтіріп, жазадан сақтандыру керек, олардың жасаған кылмысына орай жазаға бағынулары керек екендігіне даярлау қажет.

Барлығына жарғының 298 параграфында көрсетілгендей екі жыл белгіленеді.

Соңғы құрылымға приказ бірте-бірте, бірак өлшеулі қадаммен барады.

в) Округте кызмет бойынша тұратын барлык орыс чиновниктері аға сұлтанға құрмет көрсетулері керек, қырғыздарда заседательдеріне-сұлтандарға, болыс басшыларына, старшындарға, билерге тиісті дәрежеде құрметпен карау керек

г) команданы тиісті тәртіпте және ойластырылмаған ұрлыктардан әскери сақтыкта ұстау керек

д) Егер де баскарма құрамына енбеген кырғыздардан және старшындардан өздерін баскармаға кабылдау туралы сөз жүзінде және жазбаша түрінде өтініштер түссе, онда әр кезде оларды облыстык баскармаға немесе олардың өтініші бойынша старшындардың өздері Омбыға келіп хабардар етуіне мүмкіндік жасалсын.

е) Округтік приказға жоғары мәртебелі Генерал-губернатордың жарлығымен Омбы облысынын басқа сырткы округі Петропавл корғанының орнына ашылатынын хабардар етемін

Ол маркұм Уәлиханның жайлауында. Жоғарғы мәртебелі подполковник Григоровский осы округ ашылғаннан кейін Каркаралы приказына округтің кандай болыстары округпен шектесетіндігі туралы хабардар етеді деп үміттенемін. Қаркаралы приказы осы хабарды алысымен өзі басқаратын округ бойынша түсінік жібереді деп ойлаймын.

ж) 2-пунктте көрсетілгендей әлі бөлінбеген болыстар кырғыздар туралы жарғының 6-шы параграфына сәйкес мұраға және коғамның келісіміне орай болысты баскару сұлтанға жүктеледі.

Сондыктан сұ лтан, болыс басшыларын және Кең се шығ ын-дарына орай шағ ымдарды мен нактылап айта алмаймын, йткені болыстардын бө лінуі және баскаратын сұ лтандардың йлануына байланысты менің бекітуіме хабардар етуі керек.

Шын: бө лімше бастығ ы П. Сумин.

Шын: Секретарь ү шін (колы)

Рет санында 13-тен 20-ғ а дейін

31-ден 41-ге дейін Рет санындағ ы жазбалар кұ жатта кө рсе-тілмеген.

## КАРҚ АРАЛЫ НАҚ ТЫ ТИЫШТЫҒ Ы ДУАНҒ А СҮ ЛТАН БАТЫР БӨ КЕЙХАННЫҢ ТУР Қ ЫРҒ ЫЗ Қ АРАКЕСЕК АУЛЫНЫҢ МАҒ ЛҮ МНАМАСЫ

Каркаралыдағ ы дуанғ а мағ лұ м кылғ ан біз тур кырғ ыз елін Қ аракесек казактары болуда себеп бар. Өз ыктиярымызбен бір кө ң ілде болып тандау койдык 12 дауыстың 10-ы старшындык хакында кырғ ыз аулының старшина әм поручик Өлібек Ізбаса-рұ лын, Найман кырғ ыз аулының биі Ертісбай Конырбайұ лын және Ханкелді кырғ ыз аулынын ілкі (бұ рынғ ы) биі Ескұ л Есенкелдіұ лын әнің ү шін накты дуанын ө тініп сұ раймын. Сол старшындарды бекіту әм пәрмен беруді мен ө те ө зім кабыл болып хак кө рдім. Ол старшина сол мәртебеге тиіс тұ р, әм орыс жұ ртына ыктиярлы тұ р, әмістерімді жеткізу макұ лтұ р. Инанмак ү шін ө з колымды, мө рімді бастым.

Августің бірі кү нінде 1824 жылында

Мында сегіз жү з жиырма тө ртінші жылынын август ішінде біз тө менде Сү біхаланиш — баскалашы шешкен старшина, бірі уа тү рлі казактар жәмиғ а жиынды болып, бір кө ң ілмен ктиярлары рың ызбен тандап коюғ а ө з елімізді билегені туралы сұ лтан Батыр Бө кейханұ лына жарғ ы орыстың патша император ғ азретінің хаштығ ы келісімі ыктихатлы (дұ рыс деп) зор билер және хакім кырғ ыз-казактардың старшиналары деу орын бар. Инанмак ү шін сенбек ү шін мө рміз жоктыктан ө з колдарымыз бен танбаны-мызды инамшалар (таң бағ а сенер) оны басармыз

1) Ескі кырғ ызауылының старшинапоручигі Ә лібек Ізбасарұ лы таң баны салды

2) Найман кырғ ыз ауылының биі Ертісбай Қ оң ырбай Кө шер-байұ лы таң баны басты

3) Ханкелді кырғ ыз ауылынан Хаспар Ханкелдіұ лы таң баны салды.

4) Есенкелді ауылының Ескұ л Есенкелдіұ лы танбаны салды

## ҚАРҚАРАЛЫ ДУАНЫНА ҚАРАҒАН РУЛАР МЕН АТАЛАР

ШЕЖІРЕ БАСТАМАСЫНА АРНАЛҒАН ОЙТҮРТКІ

Қарқаралы шындары бұлтка оранған,
Еерекше табиғат кой бұл жаралған.
Керемет Каркабаттай анамыздан
Жиырма бір болыс болып ел тараған

Ол өзі ормандай болып өскен халык,
Дауласса, есе бермес озбырланып.
Бес Бошан, Әлтеке мен Сырымы бар,
Қара мен Шарды коршауға алып

Жалықпас Қамбар менен Шұбыртпалы
Төрт Каракесек аталған бұның бәрі.
Араға біреу іріткі салғанымен, ұжымы бір,
Жалған демес казактың білімдері.

Бабамыз Болаткожа атанды Қаракесек,
Болмаған мал мен баста ешбір есеп.
Ортадан Сарыарқаны ойып алып,
Жеріне қанат жайған баурын төсеп.

Сонан өскен бір ата баласымыз,
Болмасын бұл пікірге таласымыз.
Айыр көмей, жез тандай ерлер шығып,
Өмірден көбірек болды аласымыз.

Бұл өмірден не килы пенде өтеді
Бір ғасырдан төрт ұрпак дәметеді.
Төрт ғасырдан асатын бұл кезенде,
Жайылып ру-ұрпак ел өседі.

Бұл мекен — Абылайдың жазғы ордасы,
Жиылып кеңес құрған бар колбасы.
Жыраулар батырлармен басын косып,
Қазақтың тағдырын шешкен сөз жорғасы.

Таратсак шолып шежіре — туыстығын,
Бір-біріне қалайша жұғыстығын.
Атадан тайпа, ел болып бөлінеді,
Бұл сөздің құптар халык дұрыстығын.

*Автордан.*